

Сабак кестесін мекеменің өзі жасап, директоры бекітеді. Сабак кестесінде оқу сабактарының құнделікті саны, ұзактығы және реті көрсетіледі.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеде сабактың ұзактығы 40 минут, 1-сынып оқушыларының мектеп талабына бейімделу процесін жеңілдету мақсатында оқу жүктемесін біртіндеп өсіру арқылы оқу сабактарында "сатылы" режимді қолдануға болады: бірінші тоқсанда сабак кестесінің ұзактығы - 35 минуттан 3 сабак, екінші тоқсанда - 35 минуттан 4 сабак қойылады, екінші жартышқылдықта 40 минуттан жүргізіледі. 1-сынып оқушылары үшін III тоқсанда қосымша апталық демалыс беріледі, осыған байланысты оқу жылы 33 аптанды құрайды.

Сабактардың арасындағы үзілістің ұзактығы оқушылардың белсенді демалысының ұйымдастырылуы мен ыстық тамақтың берілуі ескеріле отырып белгіленеді.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқу сабактары сағат 8.15-те басталады. Оқу апталығының ұзактығы (5-6 күн) тиісті Білім басқармасы органдарының келісімімен бекітіледі.

Ұзартылған күн топтары сабактарының басталу уақыты I кезеңде - 9.00, II - кезеңде - 14.00 жергілікті уақытпен. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі ұзартылған күн топтары сыныптары мен топтарының саны тұрғындардың қажеттілігімен анықталады және оқыту процесін жүргізу үшін қойылатын жағдайлар мен санитарлық нормаларға байланысты. Ұзартылған күн сыныптары мен топтарының сыйымдылығы 30 окуши санымен анықталады.

7.13. Жекелеген пәндерді оқытуда сыныпты топтарға бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестациялау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі

8.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігімен бекітілген үлгілік ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме қорытынды аттестаттаудан өткен азаматтарға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар береді.

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындейды.

8.2. Білім алуды аяқтамаған не қорытынды аттестаттаудан өтпеген азаматтарға белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

9. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

9.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бюджеттік қаржыландырылатын бағдарламалардан тыс ақылы қосымша оқыту қызметтерін көрсетеді. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай:

-қосымша білім беру бағдарламаларын (балалардың және жасөспірімдердің шығармашылығын, спортқа, мәдениетке және өнерге ынталасы мен қызығушылығын, кәсіптік біліктілікте) дамытуды іске асыру;

-оқу жоспары және бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабактар ұйымдастыру;

-пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылыми